

"Алматы облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 133 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 29 мамырда № 2737 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 391 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 26.09.2015 № 391 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, "Ақпарат саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 180 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Алматы облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Мұқановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Ақпарат саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 180 қаулысы қолданысқа енгізілгеннен бұрын емес.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

"Алматы облысы аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Электрондық мемлекеттік қызмет Алматы облыстық ішкі саясат басқармасы (бұдан әрі - ІСБ), сондай-ақ балама негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - ХҚКО) және www.e.gov.kz мекен-жайы бойынша "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 180 Қаулысымен бекітілген "Ақпарат саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру дәрежесі: жартылай автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);

2) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматты жинақтау, сақтау және өңдеуге, Қазақстан Республикасы жеке тұлғаларын біртұтас идентификациялауды енгізу және олар туралы мемлекеттік басқару органдары мен өзге де субъектілерге олардың өкілеттіктері шеңберінде және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзекті және нақты мәліметтер беру мақсатында жеке идентификациялық нөмірлердің Ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДБ);

3) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматты жинақтау, сақтау және өңдеуге, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын, Қазақстан Республикасы аумағындағы қызметін жүзеге асыратын филиалдарын, жеке біріккен кәсіпкерлік өкілдіктерін және субъектілерін біртұтас идентификациялауды енгізу және олар туралы мемлекеттік басқару органдары мен өзге де субъектілерге олардың өкілеттіктері шеңберінде және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзекті және нақты мәліметтер беру мақсатында жеке идентификациялық нөмірлердің Ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДБ);

4) ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі/ Қазақстан Республикасындағы "электрондық үкімет" шлюзы жүйесіндегі аймақтық шлюз"

ақпараттық жүйесі, ішкі саясат басқармасы қызметкерінің автоматтандырылған жұмыс орны бөлігінде (бұдан әрі - ІСБ АЖ);

5) "Интегралды салықтық ақпараттық жүйе" (бұдан әрі - ИСАЖ);

6) халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызмет көрсету процесстеріне тартылған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтері мен электронды ақпараттық ресурстарға бірыңғай қолжетімділік нүктесін көрсететін, ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

7) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

8) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлғалар үшін, соның ішінде жеке кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асырушы дербес кәсіпкер үшін қалыптасқан бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

9) бизнес сәйкестендіру нөмірі - заңды тұлға үшін (филиал және өкілеттілік) және бірлескен кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асырушы дербес кәсіпкер үшін қалыптасқан бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

10) пайдаланушы (тұтынушы) - қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу және оны пайдалану үшін ақпараттық жүйеге сүйенген субъект;

11) транзакциялық қызмет - электрондық санды қол қоюды қолдана отырып, өзара ақпарат алмасуды қажет ететін, тұтынушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну жөніндегі қызмет;

12) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнның тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ);

13) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

14) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (бұдан әрі - АҚҚ) – оның мазмұнын жасыру және/немесе нақтылығын (нақтылық ақпараттың дұрыстығын белгілеу мәнінде беріліп отыр және алынған ақпараттың бұрмаланбай берілгенін білдіреді) қамтамасыз ету мақсатындағы ақпаратты қайта құрудың алгоритмдері мен әдістері;

15) мемлекеттік электрондық қызмет - ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

16) электрондық анықтама – шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке қою туралы анықтама (бұдан әрі – э-анықтама);

17) Ішкі саясат басқармасы (бұдан әрі - ІСБ);

18) "электрондық үкімет" шлюзы - электрондық қызметті іске асыру шеңберінде "электрондық үкімет" ақпараттық жүйесін интеграциялауға арналған

ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮШ);

19) "электрондық үкімет" аймақтық шлюзы – ішкі саясат басқармасы электрондық қызмет көрсету процесіне қатысушы, ішкі саясат басқармасы ішкі жүйелері/жүйе бөлігінде және сыртқы ақпараттық жүйе арасындағы өзара әрекетті қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮАШ);

20) Ұлттық куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі -ҰКО АЖ);

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет берушінің қызмет көрсету реті

6. ЭҮП арқылы (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы өзара функционалдық іс-әрекеттің № 1 диаграммасы) қызмет көрсетушінің қадамдық іс-әрекеттері мен шешімдері осы Регламенттің 2 қосымшасында берілген:

1) тұтынушы ЭҮП-да ЖСН/БСН және құпия сөздің көмегімен тіркелуді іске асырады (ЭҮП-да тіркелмеген тұтынушылар үшін іске асырылады);

2) 1-процесс – ЭҮП-да электронды мемлекеттік қызметтер алу үшін тұтынушының ЖСН/БИН және құпия сөзді енгізу процесі (авторландыру процесі);

3) 1-шарт - ЭҮП-да ЖСН/БСН және құпия сөз арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің нақтылығын тексеру;

4) 2-процесс - тұтынушының деректерінде кемшіліктер бар болуына байланысты авторландырудан бас тарту туралы ЭҮП-да хабарламаны қалыптастыруы;

5) 3-процесс - тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызмет көрсету үшін экранға өтінім нысанын шығаруы және тұтынушының оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, нысанды (деректерді енгізу және жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын, сканерден өткізілген құжатты қоса тіркеу) толтыруы, сондай-ақ тұтынушының өтінімге қол қою үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдап алуы;

6) 4-процесс - тұтынушының ЭЦҚ арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге толтырылған өтінім нысанында (енгізілген деректерге және жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын, сканерден өткізілген құжатты қоса тіркеу) қол қоюы;

7) 2-шарт - идентификациялық деректердің сәйкестігін (өтінімде көрсетілген ЖСН/БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) ЭЦҚ тіркеу куәлігінің жарамды мерзімін және ЭҮП-да күші жойылған тіркеу

куәліктерінің тізімінде болмауын тексеру;

8) 5-процесс - тұтынушының ЭЦҚ-ның нақтылығы расталмауына байланысты өтінім жасалған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9).6-процесс.- электрондық құжат тұтынушының ЭЦҚ-мен (тұтынушының өтінімін) қол қойылған ЭШҮ/ЭҮАШ арқылы ІСБ АЖ жолдау және ішкі саясат басқармасы қызметкерінің электронды мемлекеттік қызметті өңдеуі;

10) 7-процесс - ішкі саясат басқармасы қызметкерлерінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастыру таратылатын (Облыс аумағында шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама, немесе шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы дәлелді бас тарту). Электрондық құжат ішкі саясат басқармасы қызметкерінің ЭЦҚ-сын пайдалануы арқылы қалыптастырылады және ЭҮП-дағы дербес кабинетке беріледі.

7. ХҚКО арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы (өзара функционалдық іс-әрекеттің диаграммасы) қызмет көрсетушінің қадамдық іс-әрекеттері мен шешімдері осы Регламенттің 3 қосымшасында берілген:

1) 1-процесс - ХҚКО операторының электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін ХҚКО АЖ-де авторландыру процесі;

2) 1-шарт - ХҚКО АЖ-де ЖСН және құпия сөз немесе ЭЦҚ арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің нақтылығын тексеру;

3) 2-процесс - ХҚКО операторының деректерінде кемшіліктер бар болуына байланысты ХҚКО АЖ-де авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыруы;

4) 3-процесс - ХҚКО операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызмет көрсету үшін экранға өтінім нысанын шығаруы және құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, нысанды (деректерді енгізу және жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын, сканерден өткізілген құжатты қоса тіркеу) толтыруы;

5) 4-процесс - ХҚКО операторының электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге толтырылған өтінім нысанына.(енгізілген деректерге және жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын, сканерден өткізілген құжатты қоса тіркеу) ЭЦҚ құралымен қол қоюы және оператордың одан кейінгі қызметі туралы ақпарат алуы;

6) 2-шарт - идентификациялық деректердің сәйкестілігін (өтінімде көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы), ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін және ХҚКО АЖ тіркеу куәліктерінде қайтарылып алынған (күшін жойған) ЭЦҚ-ның нақтылығын тексеру;

7) 5-процесс - оператордың ЭЦҚ-ның нақтылығы расталмауына байланысты

өтінім жасалған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-процесс - электрондық құжат тұтынушының ЭЦҚ-мен (тұтынушының өтінімін) қол қойылған ЭҮАШ/ЭҮШ арқылы ІСБ АЖ-не жолдау және электрондық мемлекеттік қызметті ІСБ қызметкері арқылы өңдеу;

9) 7-процесс – ішкі саясат басқармасы қызметкерлерінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастыру (облыс аумағында таратылатын, шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама немесе шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы дәлелді бас тарту). Электрондық құжат ішкі саясат басқармасы қызметкерінің ЭЦҚ пайдалануы арқылы қалыптастырылады және ХҚКО АЖ беріледі.

10) 8-процесс - ХҚКО қызметкері тұтынушыға электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін қолма-қол немесе электрондық поштаға жолдау арқылы береді (облыс аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама немесе шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы дәлелді бас тарту).

8. Ішкі саясат басқармасы арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өзара функционалдық іс-әрекеттің № 1 диаграммасы) қызмет көрсетушінің қадамдық іс-әрекеттері мен шешімдері осы Регламенттің 4 қосымшасында берілген:

1) ішкі саясат басқармасы қызметкері ЖСН және құпия сөздің көмегімен ІСБ АЖ-де тіркеуді іске асырады;

2) 1-процесс – ішкі саясат басқармасы қызметкерінің ІСБ АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін ЖСН және құпия сөз енгізуі (авторландыру процесі);

3) 1-шарт – ІСБ АЖ-де ЖСН және құпия сөз арқылы ішкі саясат басқармасы қызметкерінің тіркелгендігі туралы деректердің нақтылығын тексеру;

4).2-процесс - ішкі саясат басқармасы қызметкері деректерінде кемшіліктер бар болуына байланысты, ІСБ АЖ-де авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-процесс - ішкі саясат басқармасы қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызмет көрсету үшін экранға өтінім нысанын шығаруы және құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, нысанды (деректерді енгізу және жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын, сканерден өткізілген құжатты қоса тіркеу) толтыруы;

6) 4-процесс - қызмет көрсетуші қызметкерінің ЭЦҚ-сы арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге толтырылған өтінім формасына (енгізілген деректерге және жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын, сканерден өткізілген құжатты қоса тіркеу) қол қоюы;

7) 2-шарт - идентификациялық деректердің сәйкестігін (өтінімде көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы), ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін және ІСБ АЖ-де тіркелген куәліктерден шақыртылып алынғандар (жойылғандар) тізімінде болмауын тексеру;

8) 5-процесс - қызмет көрсетуші қызметкердің ЭЦҚ-ның нақтылығы расталмауына байланысты өтінім жасалған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-процесс – ІСБ қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті өңдеуі;

10) 7-процесс - ішкі саясат басқармасы қызметкерлерінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастыру (облыс аумағында таратылатын, шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама, немесе шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы дәлелді бас тарту). Электрондық құжат ішкі саясат басқармасы қызметкерінің ЭЦҚ пайдалануы арқылы қалыптастырылады.

11) 8-процесс – ішкі саясат басқармасы қызметкері тұтынушыға электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін қолма-қол немесе электрондық поштаға жолдау арқылы береді (облыс аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама немесе шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы дәлелді бас тарту).

9. Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат мемлекеттік қызметтерді көрсету Стандартына сәйкес толтырылады:

1) пайдаланушының э-анықтама (ЖСН және құпия сөздің) берілетін тұлғаға ЭҮП-ға кіру үшін деректер енгізуі;

2) "Облыс аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке қою" электрондық мемлекеттік қызметті таңдау;

3) "Online қызметіне тапсырыс беру" пәрменінің көмегімен қызметке тапсырыс беру;

4) сұранысты толтыру:

ЖСН/БСН автоматты түрде, пайдаланушының ЭҮП-да тіркелу нәтижесі бойынша таңдалады;

пайдаланушы "өтінім жөнелту" пәрменінің көмегімен өтінімге қол қоюға өтуді жүзеге асырады;

5) пайдаланушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

6) өтінімге қол қою – "қол қою" пәрменінің көмегімен ЭЦҚ арқылы сұранысқа қол қоюды іске асырады, одан кейін ЭҮШ/ЭҮАШ арқылы ІСБ АЖ, ЖТ МДБ, ЗТ МДБ, ИСАЖ-не өңдеуге беріледі;

7) өтінімнің ІСБ АЖ, ЖТ МДБ, ЗТ МДБ, ИСАЖ-де өңделуі:

пайдаланушы дисплейінің экранында келесідей ақпарат шығады: ЖСН; өтінім нөмірі; қызмет түрі; сұраным мәртебесі; қызмет көрсету мерзімі;

"мәртебені жаңарту" пәрменінің көмегімен тұтынушыға өтінімді өңдеу нәтижелерін көру мүмкіндігі беріледі;

ІСБ АЖ-нен жауап алу барысында "нәтижені көру" пәрмені пайда болады;

8) өтінімді өңдеу нәтижелерін көру.

10. Өтінімді өңдегеннен кейін тұтынушыға өтінімді өңдеу нәтижелерін келесідей көру мүмкіндігі беріледі:

"ашу" пәрменін басқаннан соң өтінімнің нәтижесі дисплейдің экранына шығарылады;

"сақтау" пәрменін басқаннан соң өтінім нәтижесі тұтынушы тапсырыс берген магниттік тасымалдаушыда сұратылған нысанында сақталады (Adobe Acrobat).

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қажет ақпаратты және кеңесті ЭҮП-ның call - орталығының: (1414) телефоны бойынша алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетушінің қызмет көрсету ретінің сипаттамасы

12. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын Құрылымдық - функционалды бірліктер (бұдан әрі -ҚФБ):

Орталық операторы;

ІСБ қызметкері;

ЭҮП;

ЭҮАШ/ЭҮШ;

ХҚКО АЖ;

ІСБ АЖ.

13. Осы Регламенттің 1 қосымшасында іс-әрекеттер (процедуралар, функциялар, операциялар) жүйелілігінің мәтіндік кесте сипаттамасы әр іс-әрекеттің орындалу мерзімі көрсетіле отырып берілген.

14. Іс-әрекеттердің (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесінде) логикалық жүйелілігінің өзара байланысын көрсететін диаграмма олардың сипаттамаларына сәйкес, осы Регламенттің 2, 3, 4 қосымшаларында берілген.

15. Электронды мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Стандарттың № 1 қосымшасында келтірілген бланкілердің үлгілеріне сәйкес ұсынылады.

16. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Регламенттің 5 қосымшасына сәйкес, сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қойылатын талаптар:

1) құпиялығы (тиым салынған ақпарат алудан қорғау);

- 2) тұтастығы (ақпаратты тиым салынған өзгертуден қорғау);
- 3) қол жетімділік (ақпарат пен ресурстарды тиым салынған ұстап қалудан қорғау).

18. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарты:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) э-анықтама берілетін тұлғада ЖСН болуы;
- 3) ЭҮП, ХҚКО АЖ-де авторландыру;
- 4) пайдаланушыда ЭЦҚ болуы.

"Алматы облысы аумағында
таратылатын шетелдік
мерзімді баспасөз басылымдарын
есепке алу" электрондық
мемлекеттік қызмет Регламентіне
1-қосымша

**Әрбір іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып,
іс-әрекеттер (процедуралар, функциялар, операциялар)
ағынын мәтіндік кестелік бейнелеу**

**1 кесте. Ішкі саясат басқармасы арқылы іс-әрекеттердің
сипаттамасы**

1) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
1	Іс-әрекеттің барысының, жұмыс ағынының) №	2
2	Құрылымдық функционалды бірліктер ақпараттық жүйесі атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі
3	Іс-әрекеттің үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттар және өтінімінің дұрыстығын тексеру, мәліметтерді ішкі саясат басқармасы ақпараттық жүйесіне енгізу "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы, "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы, "Интегралды салықтық ақпараттық жүйеде" мәліметтерді тексеру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Қызмет көрсетуді алу үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау Өтінішке нөмір беріп, сұранысты тіркеу
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан артық емес 1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2 3
2) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
1	Іс-әрекеттің барысының, жұмыс ағынының) №	5 6

2	Құрылымдық – функционалды бірліктер ақпараттық жүйесі атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі
3	Іс-әрекеттің үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	(Өтінімді орындау. Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтаманы қалыптастыру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Шешім қабылдау	Анықтаманы қалыптастыру. Қызмет көрсету мәртебесінің өзгеруі туралы хабарландыруды қалыптастыру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	(Анықтаманы немесе дәлелді бас тарту туралы жауапты қалыптастыру	Шығыс құжаттарды және сұранысты орындау дәрежесін қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	10 жұмыс күні	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	6	7
3) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)			
1	Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) №	9	10
2	Құрылымдық – функционалды бірліктер ақпараттық жүйесі атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі
3	Іс-әрекеттің үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	(Шығыс құжатты құру	Ішкі саясат басқармасының электронды цифрлық қолтаңбасы арқылы қол қойылған шығыс құжаттың қалыптастыру және тіркеу
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	(Ішкі саясат басқармасына тұтынушы өтініш берген жағдайда шығыс құжатты беру	Шығыс құжатымен бірге хабарламаны жөнелту
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	10	11

кестенің жалғасы

3	"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	4	Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі
	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесінен халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесіне дәрежесі туралы хабарламаның бағыты		Өтінішке нөмір беру. Ағымдағы дәрежені көрсете отырып, хабарламаны қалыптастыру
	Өтінімнің бағыты		Мәртебенің бейнесі
	1 минуттан артық емес		15 минуттан артық емес
4			5

2) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)	
7	8
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	ХҚКО ақпараттық жүйесі
Хабарландырудың бағыты	Хабарландырудың және мәртебенің бейнесі
Бағыты	Орындалу мәртебесінің бейнесі
1 минуттан артық емес	15 минуттан артық емес
8	9
3) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)	
11	12
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	ХҚКО ақпараттық жүйесі
Шығыс құжатымен бірге хабарлама бағыты	Шығыс құжатымен бірге қызмет көрсетудің аяқталуы туралы хабарламаның бейнесі
Бағыты	Орындалудың аяқталуы туралы мәртебе бейнесі
1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес
12	13

2 кесте. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы іс-әрекеттердің сипаттамасы

1) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)			
1	Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) №	1	2
2	Құрылымдық –функционалды бірліктер ақпараттық жүйесі атауы	Халыққа қызмет көрсету орталығының операторы	Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі
3	Іс-әрекеттің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттар және өтінімінің дұрыстығын тексеру, мәліметтерді халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесіне енгізу	"Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы, "Занды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы, "Интегралды салықтық ақпараттық жүйеде" мәліметтерді тексеру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Қызмет көрсету үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау	Өтінішке нөмір беру арқылы сұранысты тіркеу
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс әрекеттің нөмірі	2	3
2) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)			
1	Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) №	6	7
2	Құрылымдық –функционалды бірліктер ақпараттық жүйесінің атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі

3	Іс-әрекеттің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Өтінімді орындау Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтаманы қалыптастыру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Шешім қабылдау	Анықтама қалыптастыру Қызмет көрсету дәрежесінің өзгеруі туралы хабарламаны қалыптастыру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Анықтаманы немесе дәлелді бас тарту туралы жауапты қалыптастыру	Шығыс құжаттарының және өтінімнің орындалу дәрежесін қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	10 жұмыс күні	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің номері	7	8
3) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)			
1	Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) №	11	12
2	Құрылымдық –функционалды бірліктер ақпараттық жүйесі атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі
3	Іс-әрекеттің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Шығыс құжаттарды құру	Ішкі саясат басқармасының электронды цифрлық қолтаңбасы арқылы қол қойылған шығыс құжатты қалыптастыру және тіркеу
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Қол қойылған шығыс құжатын ХҚКО-на тапсыру	Шығыс құжатымен бірге хабарламаны жөнелту
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің номері	12	13

кестенің жалғасы

3	4	5
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі	Ішкі саясат басқармасының қызметкері
Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесінен ішкі саясат басқармасы ақпараттық жүйесіне сұраныстың бағыты	Өтінішке нөмір беру, орындауға жөнелту	Құжаттарды тексеру, өтінішті жұмыс жасауға қабылдау
Өтінімнің бағыты	Келіп түскендер мәртебесінде өтініштің бейнесі	Өтінімді жұмыс жасауға қабылдау
1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес	15 минуттан артық емес
4	5	6
2) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
8	9	10
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі	ХҚКО операторы
Хабарламаның бағыты	Хабарландырудың және мәртебенің бейнесі	Тұтынушы өтініш білдірген уақытта өтініштің орындалу мәртебесі туралы хабарлама
Бағыты	Орындалу мәртебесінің бейнесі	Қызмет көрсету мәртебесі туралы хабарлама

1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес	15 минуттан артық емес
9	10	11
3) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
13	14	15
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ Электрондық үкімет" шлюзы	"Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі	ХҚКО-ң операторы
Шығыс құжатымен бірге хабарлама бағыты	Шығыс құжатымен бірге қызмет көрсетудің аяқталуы туралы хабарламаның бейнесі	Т ұ т ы н у ш ы - ға шығыс құжатын беру
Бағыты	Орындалудың аяқталуы туралы мәртебе бейнесі	Шығыс құжатын беру
1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес	15 минуттан артық емес
14	15	-

3 кесте. "Электронды үкімет" порталы арқылы іс-әрекеттердің сипаттамасы

1) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
1	Іс-әрекеттің барысының, жұмыс ағынының) №	2
2	Құрылымдық функционалды бірліктер ақпараттық жүйесінің атауы	"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы
3	Іс-әрекеттің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Деректердің дұрыстылығын тексеру (тұтынушының ЭЦҚ). Өтінішті сақтау және "Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы арқылы жөнелту
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Өтінішті ойдағыдай қалыптастарған-дығы туралы хабарламаны бейнелеу немесе бас тарту туралы хабарлама
5	Орындалу мерзімі	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің номері	3
2) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
1	Іс-әрекеттің барысының, жұмыс ағынының) №	7
2	Құрылымдық функционалды бірліктер ақпараттық жүйесінің атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері
3	Іс-әрекеттің (үдерістің, операцияның, рәсімнің)	Сұранысты орындау. Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтаманы қалыптастыру. Қызмет көрсету дәрежесінің өзгеруі


	атауы және олардың сипаттамасы	қалыптастыру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап	туралы хабарламаны қалыптастыру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Анықтаманы немесе дәлелді бас тарту туралы жауапты қалыптастыру	Шығыс құжатын және дәрежесін қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	10 жұмыс күні	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	7	8
3) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)			
1	Іс-әрекеттің барысының жұмыс ағынының) №	11	12
2	Құрылымдық функционалды бірліктер ақпараттық жүйесінің атауы	Ішкі саясат басқармасының қызметкері	Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі
3	Іс-әрекеттің (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Шығыс құжатын қалыптастыру. Құжатқа қол қою	Шығыс құжатын тіркеу. Ішкі саясат басқармасы қол қойған шығыс құжатын қалыптастыру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Қол қойылған шығыс құжаты	Шығыс құжатымен бірге хабарламаны жөнелту
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	12	13

кестенің жалғасы


3	4	5
Ішкі саясат басқармасының ақпараттық жүйесі	Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі	Ішкі саясат басқармасының қызметкері
Өтінішке нөмір беру. Ағымдағы дәрежесін көрсете отырып, хабарламаны қалыптастыру	Келіп түскендер мәртебесінің бейнесі	Өтінішті орындау үшін қабылдау
"Электронды үкімет" порталына хабарлама жөнелту	Мәртебенің бейнесі	Жұмысқа қабылдау
1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес	5 минуттан артық емес
4	5	6
2) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
8	9	10
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	"Электронды үкімет" порталы	Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі
Хабарламаның бағыты	Хабарламаның бейнесі	Хабарламаның бейнесі
Бағыты	Шығыс құжатымен бірге орындалу мәртебесінің бейнесі	Орындалу мәртебесінің бейнесі
1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес

9	10	11
3) Негізгі процестің іс-әрекетті (барысының, жұмыс ағынының)		
13	14	15
"Электрондық үкімет" аймақтық шлюзы/ "Электрондық үкімет" шлюзы	"Электрондық үкімет" порталы	Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі
Шығыс құжатпен бірге хабарламаның бағыты	Шығыс құжатын көруге мүмкіндігі болатын қызмет көрсетудің аяқталуы туралы хабарламаның бейнесі	Қызмет көрсетудің аяқталуы туралы хабарламаның бейнесі
Бағыты	Шығыс құжатының бейнесі	Орындалу мәртебесінің бейнесі
1 минуттан артық емес	1 минуттан артық емес	15 минуттан артық емес
14	15	16

"Алматы облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне
2-қосымша




"Алматы облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне
3-қосымша



ХJKO АЖ арқылы «ішінара автоматтандырылған» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық өзара қарым-қатынас диаграммасы

"Алматы облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 4-қосымша



ISB АЖ арқылы «ішінара автоматтандырылған» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық өзара қарым-қатынас диаграммасы

"Алматы облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 5-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметтерінің "сапа" және "қолжетімділік" көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны _____

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.